

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ГРАФИКА САЛАСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

С.Қ.Бейсенбаев, М.Ж. Тәңірбергенов, А.С. Жусипова
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазіргі заманда өркениетті қоғам мен құқықтық мемлекеттің гүлденуі келер ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен шығармашылық білімділігін қажет етеді.

Осы талапқа сай, Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы - бүгінгі таңдағы ұлттық дәстүрін, салтын, өнер түрлерін жинақтап зерттеудің, оған байланысты тәлім тәрбиесі ұзақ уақыт бойында жинақталған мол тәжірибе негізінде жас өспірімдердің тәрбиелеу талабын тудырды.

Сондай қажеттіліктің бірі - Қазақстан бейнелеу өнері және қосалқы өнері, оның ішінде графика саласының тәлім - тәжірибелік мүмкіндіктерін қазіргі жастардың тәрбиесінде тиімді пайдалана білу болып табылады. Бұл мәселенің нәтиже беріп, іске асуы студенттердің қазақ ұлттық көркем өнері бойынша толық білім сапасын, өзіндік ерекшелік сана сезімін ояту және оның осы мақсатта пайдалана алу іскерлігі мен қабілетін қажет етеді.

Сондай-ақ Қазақстан бейнелеу өнеріндегі графика саласының өзіндік тарихи, терең мазмұны, сан қилы ерекшеліктерімен өскелең ұрпаққа рухани, эстетикалық, эмоционалдық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түсетіні сөзсіз. Сондықтан да қазіргі таңда болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлау барысында да, мектеп немесе жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесіне ұлттық бейнелеу өнерін оның ішіне графика саласын енгізу қажет деген пікір туады.

Жалпы, ТМД-елдері бойынша графика саласының шығу тегі, дамуы, жасалу техникасы, технологиясы, қолдану жөнінде деректер, зерттеулер халықтың тарихы, өнері тұрғысынан жарық көрді. Қазақстан графикасының дамып қалыптасуына үлесін қосқан Ә. Қастеев, Ә. Ысмайлов, Қ.Қожықов, Г.А. Брылов, Л.В. Гербанский, Митрохин, Великанова, Говорова, К.Я. Баранов, С.В. Кукуруза, Антощенко - Оленев, И.Кисамединов аға буын суретші графиктер елін елестерлік мәнерлі өнер ізін, графика саласының өсу жолында өз қолтаңбаларын қалдырды.

Атап айтқанда, Қазақстан графикасының қалыптасуы мен өркендеуі Ә. Қастеев есімімен өте тығыз байланысты. XX ғасырдың 30 жылдары Ә. Қастеев творчествосында қазақ халқының революцияға дейінгі өмірі, осы жылдардағы түбірлі өзгерістер, тарихи және жанрлық картина ретінде таныла бастады. Ә.Қастеев бояу өңін, колоритін дәл сезе отырып, картиналарын тартымды әрі әсерлі етерліктей жеткізген. 20 жылдардың соңы мен 30 жылдары орындалған "Қазақ қызының бейнесі" (1929), "Қарындасым" (1930) атты портреттері шебердің алғашқы творчестволық кезеңінде жасалған үздік туындылары. Композиторлық жағынан қарапайым болып келгенімен, қыздар бейнесіндегі жылулық, сезімталдық айқын танылады. Бұл шебердің нақ басқан әрі суретшілік сатысында жоғарылағандығы байқалады. Қастеев тақырыптық картиналар шебері, шебер портретші. Сонымен қатар, Қазақстанның кең байтақ жерінің табиғатын асқан сұлулықпен, көркемдікпен бейнелеген тұңғыш қазақ суретшісі.

Қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі Ә. Ысмаилов 30 жылдары Қазақстан мәдениетінің қалыптасуына өзінің үлкен үлесін қосқан. Ысмаилов көптеген өнер түрлерінің

буынын бекіте білді. 1928ж. өткен көшпелі керкемсурет көрмесіне ең жас суретші ретінде "Сарысу даласы", "Бетпақ дала аңшысы" атты акварельді жұмыстарымен қатысты. Оның творчествосынан негізінен Қарағанды индустриясы және туған өлке табиғатының көрінісі басты орын алады. Республиканың енді ғана бас көтерген индустриясын өзек еткен "Қарағанды" (1932), "Қарағанды шахтасы" (1932) т.б. тушыпен салынған суреттерінен шахтерлер еңбегінің қыр сырын ашуға талпынушылық сезіледі. Ә. Исмаилов осы жылдары қазақ өнерінде енді қылаң бере бастаған карикатура, плакат ("Мұхиттың арғы жағынан", "Жарылып кетті") жанрына да араласты. 20 жылдардың соңы мен 30 жылдардан басында қазақ бейнелеу өнерінің негізін салысқан тұңғыш кәсіптік суретшілердің бірі Құлахмет Қоңырқожаұлы (1910 - 1953) мен қазақтың театр декорация өнерінің негізін салушы (1914) Қожықовтардың творчествосы да қалыптаса бастады. Осы кезеңде бірқатар графикалық еңбектерімен танылды. Қожахмет оптимистік сарында ауыл өмірінен "Қырман", "Газет оқу" (1937) атты тақырыптық творчестволық жұмыстар жасады. Қожықовтың 30 жылдардағы колхоздандыру жүйесіндегі кезеңдерді бейнелеген әрбір графикалық еңбегінде шынайы өміршеңдік, шындыққа жақындық, өмірге деген күштарлық бой көрсетеді.

1933жылы Қазақстан суретшілер одағының ұйымдастыру комитетінің құрылуы 1934 жылы Мәскеуді Шығыс халықтары бейнелеу өнері мұражайында тұңғыш рет қазақ суретшілері көрмесінің ұйымдастырылуы, Алматы қаласындағы Қазақтың көркемсурет галереясының ашылуы бейнелеу өнерінің жаңа қарқынмен дамытуға қосалқы себеп болды.

Қазақстанның бейнелеу өнері өзінің спецификалық ерекшеліктерімен екі түрге бөлінеді - "ежелгі бейнелеу өнері", "қазақ бейнелеу және қолданбалы өнері". ТМД елдерінің бейнелеу өнеріне ұқсас, қазақ халқының өнері сан түрлі салаға бөлініп, мыңдаған жылдар бойы қалыптасып, дербес жанрларда жасалынған өнер туындылары ұлан-ғайыр.

Қазақстан бейнелеу өнері тақырыптық мазмұны жағынан бай, әрі халықтың салт-дәстүрі, тұрмысы, тағдыры, туған жердің көркем табиғаты айқын кескін танытады. Көптеген Қазақстан суретшілерінің туындылары бүкіл әлемдік дәрежеде танымал. Аталған жайттар халықтық өнер туындыларын арқау ете отырып, тәлім тәрбиесі мол оқу процессінде ауқымды түрде қолдануға зор мүмкіндік береді.

Бейнелеу өнер тарихын зерттеу жүйесінде мәдениеттің даму сатысына, қоғамдық құрылым жүйесіне үлкен ықылас бөлінеді. Бірінші сатысына Ә. Қастеев, Н. Хлудов, К. Берников, А. Исмаилов, Қ. Қожықовтардың творчествосын жатқызуға болады. Бұл кезең 20-40 жылдар арасын қамтиды. Келесі сатыға, суретші К. Тельжанов, А. Ғалымбаева, Г. Исмаилова, М.Кенбаев, С. Романов, С. Мамбеев, Н. Нұрмұхаммедова, Х. Наурызбаев пен Е. Сидоркиннің творчестволары орын алады. Бұл кезең 50-60 жылдар аралығын қамтиды. Ал 60-70 ж. бейнелеу өнерінің даму барысында Қазақстанның өнер саласында еңбек етіп, туындыларының негізіне байырғы қалыптастырылған өзіндік ерекшелікпен танылған педагогикалық әсері қылаң бергені сөзсіз. Осы кезең суретшілері С. Айтбайев, Т. Тоғысбаев, Д. Шоқпаров, М. Қисамединов, А. Молданев, Ж. Шарденов, М. Нұрлыбаев, О. Нұржұмаева, А. Сыдыханов, Т. Досмағанбетов, Б. Түленов, Е. Мергенов, А. Жүсіпов өзіндік сарында, реалистік жағы мол халықтың тұрмыс тағдыры, қоршаған ортаның шынайы көрінісі суретшілер туындыларында асқақ бой танытады.

Сондай-ақ жоғарғы оқу орындарындағы дамытумен қатар көркемдік мәдениеттің даму әдістемелерін, мәдени мұралардың және суретшілердің қалыптастырылған тарихи колоритін сақталуына қатысты мәселелер қаралып, зерттелу үстінде.

Көркемсурет өнерінің тарихын зерттеу барысында жаңа ұрпақ туындылары маңызды орындарға ие. Бұл кезең 80 ж. бастап осы күнгі кезең аралығын қамтып отыр. Атап кетсек, бұл кезең А. Түленбаев, Б. Түлкеев, К. Тыныбеков, Ф. Заурбекова, А. Нақыпбеков, М. Әлімбаев, Т. Ордабеков, М. Аманжолов, А. Ақанаев, Г. Жалмұғанов, А. Оспанов, Б. Байменовтың т.б. творчестволық өнерін атап өтуге болады.

Жалпы алғанда, осы жылдардағы өнер саласында еңбек еткен суретшілерінің творчествосында қазақ халқының төңкеріске дейінгі өмір тұрмысы, 1940 жылдарындағы қиыншылық, соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақ елінің басынан өткен оқиғалары тұрмысы, күйзелген шаруашылығы мен өндірісін қайта қалпына келтіру кезеңіндегі тынысын, халық өмірін терең тірі мазмұнды қамтуға тырысты. Графика шеберлері графиканың түрлі жанрлары мен көптеген түрлерінен поэзиялық ырғақ пен шынайы оптимизмге толы әр қилы тақырыптағы тартымды туындыларымен танылады. Кәсіпқой суретшілеріміздің өзіндік түр дербес - даралығы.

Көркемдік шешімінің ортамен лайықтығы, жалпы көрнектілігі, салтанаты айқын танылады. Сол кезеңдегі туындылар заманға сай шынайылықпен, келер уақыттың асқақ сезіміне толы суреттемелері графикалық өнер түрінде танылды. Соңғы жылдар ішінде суретшілердің қолданбалы графика саласындағы ізденістері күшейді. Қазақстан эстампының қазіргі жеткен биігі, графикалық басу, алғашқы металға гравюра салу, сондай-ақ органикалық әйнек бетіне, линолеум және сығылған картон бетін ою, жаңа замандағы құрылыс материалының дамуының бірден бір жетістігі - алюкобонд, графика саласындағы өте қолайлы материалдарының жаңа түрі болып танылады. Сонымен қатар соңғы жетістік - алюминді пластина үстіндегі гравюра салу тәсілдерінен айқын аңғарылады. Қазақстан бейнелеу өнерінің саласы графика өнері - заманымыздың көркем шежіресі. Бұл өнердік даму тарихымен таныса отырып, Қазақстан графикасының қалыптасуы мен даму жолдарын көреміз.

Қазіргі таңда, республикамызда өнер саласы дамып келеді. Уақыт талабына сай қазіргі суретшілер халық мұрасын, ғасыр бойы қалыптасқан түр мен әдістерді қолдану негізінде дәстүрлі нақыштарын сақтай отырып, өзіндік ерекшелігі бар шығармаларына бүгінгі күн тынысын айшықтайтын сюжеттік элементтерін батыл енгізуде. Сол себепті жас суретшілер еңбектерінде жаңа леб, түрлі ізденістері, айқындық, сюжет көркемділігін дәл табуға деген талпыныс байқалады.

Әдебиет

- 1 ҚССР. Энциклопедиялық анықтама.- Алматы, 1980.
- 2 Қазақстанның мемлекеттік өнер мұражайы.- Алматы, 1981.

Резюме

Рассматриваются этапы развития казахстанской графики и вклад основоположников в нее. Ознакомление в процессе их изучения с творческими работами.

Summary

Consider a stage ascent of Kazakh graphic arts, development and investment of the founders, acquaintance in the process with their creative works.